



Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі
Центральная библиотечная система



Нұра ардақтыларының мерейтойлары

Земляки юбиляры

Нұра 2021 жыл
Нұра 2021 год



Александр Федорович ХРИСТЕНКО – тың ардагері, Қазақ КСР ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген қызметкері, «Халық қаһарманы» орденінің иегері, ғалым-экономист, агрономия ғылымдарының профессоры, ҚР жаратылыстану ғылымдарының академигі. Отызға жуық ғылыми жұмыстардың, «Сухое земледелие-практика, теория, экономическая эффективность» атты монографияның авторы.

Нұра райкомының тұңғыш хатшысы болып сайланған. 1958 жылдың қарашасынан бастап Нұра ауданының «Киевский» тың савхозының директоры болды. 1972-1975 жж. Нұра ауданының ауылшаруашылық басқармасының басшысы қызметін атқарған. 1981-1982 жж. Қарағанды облысының шаруашылық басқармасы басшысының бірінші орынбасары. 1982 жылдың ақпан айынан бастап Қарағанды ауылшаруашылық тәжірибелік станциясының (1991 жылдың ақпанынан бастап Қарағанды ауылшаруашылығының ғылыми-зерттеу институты) директоры.

2003 жылы 1 қарашада А.Ф. Христенко өмірден озды.


Александр Федорович ХРИСТЕНКО – первоцелинник, заслуженный работник сельского хозяйства Казахской ССР, кавалер ордена «Халық қаһарманы», видный организатор сельскохозяйственного производства, ученый-экономист, профессор агрономии, академик Академии естественных наук РК. Автор двадцати восьми научных работ, монографии «Сухое земледелие-практика, теория, экономическая эффективность».

Был избран первым секретарем Нуринаского райкома ЛКСМ Казахстана. С октября 1958 года – возглавилцелинный совхоз «Киевский» Нуринаского района. С 1972 по 1975 год – начальник Нуринаского районного сельскохозяйственного управления. В 1981-1982 годах – первый заместитель начальника Карагандинского областного сельхоз - управления.

С февраля 1982 года – директор Карагандинской сельскохозяйственной опытной станции (с февраля 1991 года - преобразована в Карагандинский научно-исследовательский совхоз-институт сельского хозяйства).

1 января 2003 года Александр Федорович ушел из жизни.





Нуркен АЙТУҒАНОВ – Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері, ауыл шаруашылығының маманы, ұйымдастырушысы, даңқты механизатор, Социалистік Еңбек Ері. 1916 жылы 10 тамызда Черниговка ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1931 жылдан механизатор болып еңбек жолын бастады. 1939-1942 жж. Чернигов машина-трактор шеберханасында комбайыншы болды. 1942-1946 жж. Кеңес Армиясы қатарына алынып, ҰОС қатысты. 1939-1953 жж. – комбайыншы, тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары бітік егін өсіріп, үздік еңбек табыстарына жеткені үшін 1958 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болып, «Алтын Жұлдызбен» марапатталды. Біраз жыл Чернигов ауылдық кеңесінің төрағасы болды.

Нағрадалары:

«Қызыл Жұлдыз» ордені,
«Отан соғысының II дәрежелі» ордені,
«III дәрежелі Даңқ» ордендерінің кавалері,
«Батылдық үшін» медалінің иегері.



Нуркен АЙТУҒАНОВ – ветеран ВОВ и труда, специалист сельского хозяйства, механизатор. Родился 10 августа 1916 года, в селе Черниговка (Көбетей). С 1931 года начал работать механизатором. В 1939-1942 гг. работал в машина – тракторском мастерском в Черниговке. 1942-1946 гг. Участник ВОВ. В 1958 году за отличные показатели в трудовой деятельности был удостоен звания Социалистік Еңбек Ері и награжден медалью «Красной Звезды».

Имеются награды:

Кавалер Ордена «Қызыл Жұлдыз», «Орден Отечественной войны 2 степени», «Орден Славы 3 степени». Награжден медалью «За отвагу». В 1957 году Указом Президиума Верховного Совета СССР Нуркену Айтуганову было присвоено звание «Герой Социалистического Труда».



Мұташ СҮЛЕЙМЕНОВ - Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі. 1921 жылы 10 қыркүйекте Казгородок селосында дүниеге келген. М. Сүлейменовтың жастық шағы соғыстың басталуымен қатар келеді. Майданға 1942 жылдың қаңтар айында алынады. Алдымен 3-4 айлық зеңбірекшілер курсынан өтеді. Оның майдандық өмірі 114-ші атқыштар бригадасында басталады. Алғаш рет Калинин облысына қарасты Ржев қаласының маңындағы Зубцево деген жердегі қанды қырғынға қатысады. Осыдан кейін де талай ұрыстарға қатысқан Мұташ Сүлейменов сол жылдың қазан айында ауыр жараланып, госпитальге түскен. Қарашада сауығып шыққанда өз бөлімінен көз жазып қалып, 139-шы Қызыл Тулы Ярославль гвардиялық атқыштар дивизиясына қарасты 364-ші атқыштар полкінің құрамында танкіге қарсы ататын 45 миллиметрлік зеңбіректің көздеушісі болып қайта сапқа тұрады. Осы кезге дейін ол бірнеше ерлік істерімен көзге түсіп, өңіріне «Ерлік үшін» медалін және «Қызыл Жұлдыз» орденін қадап алғанды. Соғыстан туған ауылына қайта оралып, ауылдағы мектепте ұстаздық етеді. Қарағанды қаласындағы университеттің тарих факультетін бітіреді. 40 жылдан астам мектеп шәкірттеріне алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ береді. Көп жылғы талмас еңбегі үшін «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі», «СССР халық ағарту ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» медалімен және көптеген құрмет грамоталарымен марапатталған. 1993 жылдан Кертінді ауылдық мектебі Мұташ Сүлейменов атымен аталады.



Муташ СУЛЕЙМЕНОВ родился 10 сентября 1921 года в селе Казгородок. Его молодые годы совпали с началом Великой Отечественной войны. В 1941 году окончив 9 класс, он начинает работать учетчиком в колхозе имени Чкалова. Был призван в армию в январе месяце 1942 года. Сначала 3-4 месяца проходит курсы пулеметчиков. Войну начинает с Калининского флота.

Командир расчета 45-миллиметрового орудия противотанкового дивизиона сержант Муташ Сулейменов участвовал в исторических сражениях под Москвой, Ржевом, Великими Луками. Ранения трижды выводили его из строя, но каждый раз он возвращался к своему орудью. Молодой воин отличился в боях за освобождение Белоруссии, Польши, на территории Германии. Ему довелось участвовать в историческом Параде Победы 24 июня 1945 года на Красной площади в Москве.

Свой боевой путь он завершил под городом Аргемюнде, что неподалеку от Берлина. Вернувшись в родные края, он устроился на работу в школу, учил ребят азам военного дела, преподавал историю и всегда был активным общественником. Он заслужил звание «Заслуженный учитель», стал отличником народного просвещения, почетным гражданином Караганды и Нуринского района. В 2003 году награжден орденом «Құрмет». 9 ноября 2000 года ему присвоена звание Почетного гражданина Нуринского района. Муташ Сулейменович умер в 2006 году. Но его жизнь остается примером в воспитании казахстанского патриотизма.



Хамит Барсұлы ЕРМАҒАНБЕТОВ 1916 жылдың желтоқсанында Торғай уезінің №7 ауылында туған. 1922 жылы, әлі толық алты жасқа жетпей анасынан айырылады. Хамитты балалар үйіне тапсырады.

1934 жылы зооветтехникумның студенті аталады. Техникумды тамамдаған соң Алматы ветеринарлық институтына оқуға түседі, оны 1940 жылы аяқтайды. Осы жылдан малдәрігері ретінде Петропавловск қой шаруашылығында оның еңбек жолы басталады. 1941 жылдың сәуір айында Қызыл Армия қатарына шақырылады, осы жылдың тамыз айында 25 жасар Хамит Ермағамбетов майданға аттанады. Оның жеңіске дейінгі жолы ауыр және ұзақ болады. Қатардағы жауынгерден офицерге дейін жеткен Ермағамбетовке Украинаның 1, 2 және 3 майданының әскери бөлімдерінде шайқасқа түсуіне тура келеді. Азат етуші жауынгер ретінде ол Абаян, Курск, Суджа, Сумы, Ромны, Полтава, Киев, Фастов, Белая Церковь, Плоешти, Буковина, Ужгород, Вена, Грац қалалары арқылы өтеді. Оның қызметі 1945 жылдың қараша айында аяқталады.

1948 жылы Нұра ауданына қоныс аударады. 1950 жылы Қарағанды облысының шаруашылықтар тресінің бас малдәрігері қызметін атқарады, бұл мекемеде ол 3 жыл еңбек етеді. 1958 жылдан бастап Нұра ауданында, аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас малдәрігері қызметінде істейді. 1999 жылды 16 қыркүйегінде Х. Ермағамбетов Нұра ауданының Құрметті атағын тұңғыш рет иеленген азамат. 2003 жылы дүниеден озады.



Хамит Барсович ЕРМАҒАНБЕТОВ родился в декабре 1916 года в ауле №7 Тургайского уезда Тургайской области. В 1922 году, когда ему было неполных шесть, умерла мать. Хамита сдали в Тургайский детский дом.

В 1934 году он становится студентом зооветтехникума. После учебы в техникуме он становится студентом Алма-Атинского ветеринарного института, который окончил в 1940 году. С этого года начинается его трудовой стаж ветврача в Петропавловском овцесовхозе. В апреле 1941-го он призывается в ряды Красной Армии, а уже в августе того года 25-летний Хамит Ермагамбетов попадает на фронт. Его путь к победе был трудным и длинным. Рядовому, а затем офицеру Ермагамбету довелось воевать в частях 1-го, 2-го и 3-го Украинского фронтов. Как воин-освободитель он прошел по городам Абаян, Курск, Суджа, Сумы, Ромны, Полтава, Киев, Фастов, Белая Церковь, Плоешти, Буковина, Ужгород, Вена, Грац. Его служба закончилось в ноябре 1945-го года, а конечной остановкой на два года, уже мирной жизни, стал город Винница, где он устроился ветврачом на местном мясокомбинате.

В 1948 году он переехал в Нуринский район, где был назначен в свои 32 года директором совхоза «Маржанкульский». В 1950 году его назначают главным ветврачом треста совхозов Карагандинской области, где проходит еще три года его трудовой деятельности. Следующие пять лет он является главным ветврачом совхоза «Восход» Осакаровского района и лишь с 1958 года уже не покидает Нуринский район, где долгое время трудился главным ветврачом райсельхозуправления, заведующим ветучастка поселка Киевка до 1988 года.

16 сентября 1999 года Х.Б. Ермагамбетов стал первым Почетным гражданином Нуринского района. Умер в 2003 году.



Абдолла АСЫЛБЕКОВ 1896 жылы сол кездегі Ақмола уезінің Нұра болысында, Құндызды өзенінің бойындағы Кеңқияқ алқабында, Қарасуда (қазіргі Қарағанды облысының Осакаров ауданындағы (бұрынғы Нұра ауданы) Абдолла Асылбеков атындағы кеңшардың орталығы Богучар селосының маңында) дүниеге келіпті. Ауылда ашылған бірінші бастауыш татар медресесіне оқуға түсіп, оны 1913 жылы бітіріп шығады. Содан 1914 жылы Қызылжарға келген Абдолла осындағы мұғалімдер даярлайтын қазақ мектебіне түсіп оқиды. Жастар арасында белсенді жұмыс жүргізуге бой ұрады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне араласады. Ақпан төңкерісінен кейін Сәкен Сейфуллинмен бірге Қараөткел (қазіргі Астана) қаласында, жергілікті жерлерде жастарды, жұмыскерлерді ұйымдастыру ісіне кіріседі. 1917 жылдың көктемі. Абдолла Асылбеков – Қызыл гвардия отрядын ұйымдастыру жөніндегі Соғыс Советінің мүшесі. Кеңес үкіметінің азық-түлік комиссары. С.Сейфуллин ұйымдастырған «Жас қазақ» ұйымының мүшесі болған. Ұйым мүшелері халық арасына еркін жетіп, онымен тілдесу, сырласу үшін «Айна» деген журнал шығарды, көп ұзамай «Тіршілік» атты газет дүниеге келді. КАССР Халық ағарту комиссариаты саяси ағарту бөлімінің бастығы қызметін атқарады. Абдолла 1923-26 жылдары Тимирязев атындағы Ауылшаруашылық академиясында оқыды.

1937 жылы «халық жауы» деген жаламен атылды. Абдолла Асылбеков қоғам қайраткері ғана емес, жазушы ретінде де белгілі. «Біздің де күніміз туды», «Октябрь күнінде» атты повестері, «Аш-жетімге жәрдемге» және «Қойшылар мен қасқырлар» өлеңдерінің авторы.

Абдолла АСЫЛБЕКОВ родился в 1896 году в местечке Карасу вблизи села Богучар Нуринской волости Акмолинского уезда (ныне Осакаровский район). В десятилетнем возрасте с отцом Абдрахманом переехал в Акмолинск. Затем учеба в медресе г. Оренбурга и казахской школе в Петропавловске. Ни одно из учебных заведений закончить не удалось, однако Абдолла сумел устроиться учителем сначала в Акмолинске, а затем в родной Нуринской волости.

После февральской революции в 1917 году оседает в Акмолинске. Он один из организаторов культурно-просветительного общества «Жас казах» и газеты «Тиршилик». 2 марта 1918 года был избран в состав исполнительного комитета Акмолинского уездного Совета вместе с С. Сейфуллиным, Кривогузом, Катченко, Б. Серикбаевым, П. Шафраном и другими.

В 1921 году А. Асылбеков возвратился в Казахстан. Его назначили начальником штаба Красной Армии по подавлению контрреволюционного мятежа в Петропавловском и Акмолинском уездах.

Асылбеков был арестован «за сознательное содействие и связь с контрреволюционными элементами» и «врагами народа» Н. Нурмановым и С. Сейфуллиным. Был расстрелян в 1937 году.

Много его статей и очерков опубликовано на страницах газет «Тиршилик», «Енбекши казах», «Советская степь» и журнала «Кызыл Казахстан». В 1921 году издана публицистическая повесть А. Асылбекова «Настал и наш день», которая был не только одной из первых книжек, изданных издательством «Казахстан», но и одной из первых ласточек казахской советской литературы.





Кәрім МЫҢБАЕВ - әйгілі мемлекет қайраткері, қазақтың шыққан тұңғыш биология ғылымының докторы 1906 жылы тамыздың 15-де Нұра ауданының Қызыл Дихан (қазіргі К. Мыңбаев атындағы ауылдан 2 шақырым жерде) туылған. Ақмоладағы орыс-қырғыз приход мектебінде ең үздік оқитын оқушы болды. Жұмысты Грузиядағы Кавказ тәжірибе станциясының доцентінен бастап, Қазақ ауыл шаруашылық институтында дарвинизм кафедрасының меңгерушісі болады. 1934-36 жылдары Қазақ ауыл шаруашылық институтында және Алматы селекция станциясында ғылыми-педагогикалық жұмыстарда болады. Аспирантурада оқып жүрген кезінде: «Көксағызды дұрыстап өсірудің негізгі жолдары» деген тақырып бойынша зерттеген ғылыми еңбектерін аяқтайды. Каучукты өсімдіктердің ішінде ең тиімді көксағыз екенін дәлелдеп шығады. 1944 жылы өзінің ғылыми диссертациясын өте сәтті қорғап шығып, ұлты қазақ биология ғылымдарының тұңғыш докторы болды. 1944 жылдан бастап ВАСХИЛ-дің Қазақ филиалы президиумының төрағасы болады. Осы қызметпен қоса Қазақ ауыл шаруашылық институтында селекция және генетика кафедрасы мен Қазақ мемлекеттік университетінде дарвинизм кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1947 жылы республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Кәрімнің ғылыми ашқан жаңалықтары бүкіл Одаққа танылып, тіпті шетелдерге белгілі бола бастаған кезде өкінішті қазаға ұшырайды. Ол 35 ғылыми еңбектің, 3 монографияның авторы. Ғылыми еңбектерінде көк сағызды өсіру мен астық дақылдарын селекциялауға көп көңіл аударған. Қазір бұрынғы Ивановкаға Кәрім Мыңбаев есімі берілді. Осы ауылдың мектебі де ғалым атымен аталған. Киевка кентінде бір көшеге К. Мыңбаев есімі берілген, ауыл шаруашылығы бөлімінің алдында қола бюст орнатылған.

Карим МЫНБАЕВ родился 1906 году в ауле Кызыл Дихан, расположенном в двух километрах от села Ивановка (ныне с. им. К. Мынбаева). Поступив в русско-киргизскую начальную школу в Акмолинске, он становится одним из лучших учеников. В 1928 году становится студентом факультета новых технических культур Среднеазиатского хлопково-ирригационного института в Ташкенте. В 24 года Карим Мынбаев получает звание агронома-полевода высшей квалификации. Работал в должности научного сотрудника Кавказской опытной станции (Грузия), а затем был доцентом кафедры Казахского научно-исследовательского института земледелия. В 1934-1935 годах одновременно являлся директором учебно-промышленного центра по изучению и разработке технологий возделывания, размножения каучуконосных травянистых растений. В 1936-1939 годах Карим Мынбаевич учился в аспирантуре Всесоюзного института растениеводства, где выполнил научно-исследовательскую работу по теме «Основные пути улучшения кок-сагыза». Ученый установил ряд биологических особенностей кок-сагыза. Стал первым среди казахов, удостоенный этого высокого научного звания. В 1946 году он вошел в первый состав академии Республики, был избран депутатом Верховного Совета Казахской ССР второго созыва. 30 сентября 1948 года жизнь К. Мынбаева трагически оборвалась. Он погиб во время авиационной катастрофы с группой ученых Казахстана. За огромные заслуги перед Отечеством именем К. Мынбаева названы села, улицы в Алматы и районном центре Нуринского района, школа на станции Агадырь. В поселке Киевка открыт бронзовый бюст основоположника сельскохозяйственной науки Казахстана.



Жантөре Нұрланұлы ӘБІШЕВ – ғалым, пайдалы қазбаларды байыту, қара, түсті және сирек кездесетін металдар металлургиясы саласындағы маман, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент – мүшесі, Қазақстан Еңбек сіңірген өнертапқышы. 1957 жылы Қазақ тау-кен университетін бітірген. 1957-59 жж. – Қарағанды ғылыми - зерттеу көмір институтында кіші ғылыми қызметкер; 1959-66жж- ҚР Ғылым Академиясының Химия-металлургия институтында кіші ғылыми қызметкер, аспирант. 1992-93 жж- ҚР Ғылым және технологиялар министрлігінде басқарма бастығы. 1993-99 жж – ҚР Минералды шикізаттарды кешенді өңдеу жөніндегі ұлттық орталығының бас директоры. 300 ден астам ғылыми еңбектердің, 10-нан аса монографиялардың авторы. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.



Жантөре Нурланович АБИШЕВ – ученый, специалист в области цветной и черной металлургии, доктор технических наук, профессор, корреспондент Научной Академии Казахстана, заслуженный изобретатель Казахстана. Поступил на металлургический факультет Казахского горно-металлургического института. В 1957 году окончил вуз и был направлен на работу в Карагандинский научно-исследовательский угольный институт, переданный в 1959 году в состав Химико – металлургического института КазССР. В 1967—1972 годах работал заместителем директора института по научной работе. С 1972 по 1992 год — директор Химико-металлургического института. 1992 – 93 гг. – руководитель департамента министерства Науки и технологии РК. 1993 – 99 гг. – генеральный директор национального центра по комплексной переработке минерального сырья РК.

Основные научные труды — в области металлургии цветных и редких металлов. Разработал технологию обогащения пиритсодержащего полиметаллического сырья терромагнитным способом и автоклавного обескремнивания высококремнистых сульфидных материалов. Имеет 50 авторских свидетельств и патентов. Награждён орденом «Знак почета».



Сәйділ Омарұлы ТАЛЖАНОВ - Ғалым, аудармашы, сыншы, тарихшы. Ол ауыл молдасынан сабақ алады. 1934 жылы Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтын бітіреді. Қазақ Оқу министрлігінде жұмыс істеп, Ауыл шаруашылығы институтына 1934-1937 жылдары оқиды. Ауыл шаруашылық институтында доцент болып жүргенде 1938 жылы Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасын, Бейімбеттің «Майдан» пьесасын қазақшадан орысшаға аударғаны үшін, әрі бай баласы деген желеумен НКВД «Халық жауы» деп ұстап әкетіп, 10 жылға соттайды. Ағасы Әшіммен бірге тұтқындалады. Сібірге каторгаға айдалады. Сәйділ Омарұлы 19 жылдай айдауда болып, жазықсыз жапа шеккен жан. С.Талжанов елге аман-есен оралғаннан кейін 1956-1958 жылдары Қазақ мемлекеттік әдебиет баспасында, 1956-1972 жылдары Қаз ССР Ғылым академиясында қызмет істейді. Оның алғашқы әңгімелері 1927 жылы жарияланады. 1957 жылы «Ұстанның үйі», 1959 жылы «Степной сокол», 1965 жылы «Адам туралы аңыз», 1979 жылы «Жазушы» баспасынан «Өткен күндер сөйлейді» атты кітабы жарық көреді. Сәйділ Омарұлы С. Сефуллин, Б.Майлин, М.Әуезовтің шығармаларын орыс тіліне, орыс жазушылары И.А. Крыловтың, А.С.Пушкиннің, И.С.Тургеневтің, Н.А.Добролюбовтың, А.М.Горькийдің, Ф.М. Достоевскийдің шығармаларын қазақшаға аударған қаламгер.

Сайдиль Омарович ТАЛЖАНОВ - ученый, переводчик, критик, историк. Сайдиль учился у сельской муллы арабской грамоте. В 1928 окончив эту школу, он поступает на восточный факультет Среднеазиатского университета в Ташкенте. В 1931 году окончив университет приезжает в Алматы. Литературно-творческий путь С. Талжанов начинается с небольших рассказов, газетных очерков и с русского языка еще с 1927 года. В дальнейшем он плодотворно работает над художественными произведениями русской классики, а также знакомит русских читателей с творчеством казахских писателей. В середине 30-х годов Сайдиль заведует кафедрой литературы в Казахском сельскохозяйственном институте. После перевода поэмы Сакена Сейфуллина «Кызыл ат» и пьесы Беймбета Майлина «Майдан» был арестован НКВД как «Враг народа». Был приговорен к 10 годам лишения свободы. В 1956-1958 гг. после возвращения из ссылки Сайдиль Талжанов работает в Казахской государственной литературной издательстве. В разные годы в печати вышли такие издания: «Ұстанның үйі » (1957), «Степной сокол» (1959), «Адам туралы аңыз» (1965), 1979 году «Өткен күндер сөйлейді». Им в разные годы были переведены на казахский язык произведения М. Горького, В. Белинского, Ф. Достоевского, М. Салтыкова-Щедрина, И. Тургенева, Н. Добролюбова.





Мария Николаевна МАСАЛИНА – ҚазКСР құрметті медицина қызметкері. Москва қаласында туған. Москва медицина институтын бітірген. 1906 жылға дейін қалалық мектепте, 1910 ж – Сергеевск қыздар гимназиясында, 1912 ж Москва ауруханасы жанындағы фельдшерлік училищеде, 1913-1914 жж. Москва медицина институтында оқып, білім алған. 1919-1926 жж. 2-ші Москва мемлекеттік университетінде оқыған. 1926-29 жж. Москва мемлекеттік венерологиялық институтының ординаторы, 1929-1939 жж. Ташкент венерологиялық диспансерінің дәрігері, меңгерушісі. 1939 ж. Қазақстанға жер аударылған. Репрессияға ұшыраған. 1939-1973 жж. Аудандық аурухананың емханасы жанындағы тері-қан ауруларын емдейтін кабинетте дәрігер болып үздіксіз еңбек етті. Көптеген орден-медальдармен, салалық наградаларымен марапатталған.

Мария Николаевна МАСАЛИНА – почетный работник медицины, родилась в городе Москве. Окончила медицинский институт Москвы. Получила образования 1906 г. в городской школе, в 1910 г. в женской гимназии Сергеевска, в 1912 году в фельдшерском училище, 1913-1914 гг. в Медицинском институте Москвы. 1919-1926 гг. Окончила 2-ой Московский государственный университет медицины. 1926-29 гг. Ординатор Московского государственного института венерологии. 1929-1936 гг. Доктор, заведующая венерологического диспансера г. Ташкент. Была репрессирована в Казахстане. 1939-1973 гг. Трудовую деятельность продолжила в Нурынском районе в кабинете дерматолога. Была награждена многочисленными медалями, наградами за долгий и нелегкий труд.



Әмина Мұхамедқызы ОРАЗБЕКОВА – еңбек сіңірген мал дәрігері. Алматы зоотехникалық – мал дәрігерлік институтын бітірген. Облыстық, аудандық ветеринарлық зертханалардың директоры болып қызмет атқарған. Еңбек Қызыл Ту орденінің, бірқатар медальдардың иегері.

Амина Мухамедиевна ОРАЗБЕКОВА – заслуженный ветеринарный врач. Окончила Алматинский зоотехнический – ветеринарный институт. Работала директором областной, районной ветеринарной лаборатории. Кавалер орденов Еңбек Қызыл Ту, и многочисленных медалей.

Владимир Дмитриевич КОТЕШКОВ - тракторшы. «Щербаковский» кеңшарында алғашқы тың игерушілердің бірі, трактор бригадасында бригадир болған. 1962 жылы 5 қыркүйекте Н.Грибовпен бірге егін алқабын өрттен құтқару кезінде ерлікпен қаза тапқан. Москва қаласында жерленген. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Владимир Дмитриевич КОТЕШКОВ – тракторист. Первоцелинник. Трудовую деятельность начинал первым целинником в савхозе «Щербаковский», работал бригадиром бригады трактористов. В 1962 году 5 сентября трагический погиб вместе Н.Грибовом при спасении урожая от пожара. Похоронен в Москве. Был награжден знаком «Құрмет белгісі».